

## ***2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысына талдау***

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Тамыз айында барлық мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға жан-жақты материалдық көмек көрсету мақсатында «Мектепке барар жол» акциясы ұйымдастырылды, аз қамтылған отбасынан шыққан біздің мектебімізде білім алатын екі оқушыға Алпысбай Кәусар мен Алпысбай Назеркеге ТОО «Ақшоқы» басшысынан қаржылай /80 000 мың теңге/ көмек берілді. Сонымен қатар жалпы оқыту қорынан көпбалалы, күн көрісі деңгейі төмен 23 оқушыға 23 қаржылай (40500т) көлемінде көмек берілді.

Мектебімізде жоспар бойынша өткізілетін мерекелік іс-шаралардың барлығы жоғары деңгейде жүргізілді. Атап айтсақ:

Мектебіміздің жаңа оқу жылының басталуын білдіретін ерекше күн ол - Білім күні. 2023-2024 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек «Мектеп-мейірбандық мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Биылғы жаңа оқу жылы бірінші сыныпқа 21 оқушы мектептің табалдырығын аттады. Алғашқы қоңырау салтанатты мерекесіне 1 және 11 сынып оқушылары қатысты. Мектеп директоры М.Ж.Айтбаева жаңа оқу жылының сынып оқушыларына, басталуына байланысты құттықтау сөзін айтты. Бұйрықпен таныстырды. Алғашқы қоңырау соғу құрметіне тұңғыш мектеп табалдырығын аттап отырған 1 сынып оқушысы мен 11 сынып оқушысы ие болды. Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, сынып сағаттары өткізілді. Атап айтсақ:

- 1 сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»;
- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;
- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;
- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;

Балалар жарақатының алдын алу бойынша «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы бойынша «Мектептегі тәртіп ережелері», «Абайлаңыз, балалар!» 1-4 сыныптар үшін акция ұйымдастырылды. Өткізілген іс-шаралар бойынша есепті мектептің әлеуметтік желісіне салынып отырды.

Тамыз айында өткізілген педпгогикалық кеңесте сынып сағаты жұма күні 0-сабақ ретінде сабақ кестесіне бекітілді. Ән ұранды сынып сағаты өткізілетін күні шешілді

Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында, күнделікті таңертең жаттығу жасауға дене шынықтыру мұғалімдеріне тапсырма берілді. Сонымен қатар ұлттық мүдде тәрбие құндылықты іске асыру мақсатында, жұма күні ұлттық киім кию және ұлттық нақышта әшекей-бұйымдарды тағуға оқушылардан талап етілді.

Талап тәрбие бағыты бойынша «Тоғыз ай – 9 іс-шара» «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде: Сергіту сәті, республикалық челленджи өткізілді

Негізгі мақсат – білім алушыларға салауатты өмір салтын дәріптеу, спортқа тарту

Талап тәрбие бағыты бойынша балалар жарақатының алдын алу бойынша «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы бойынша «Мектептегі тәртіп ережелері», «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/Cw7rnoKNGSs/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

05-16 қыркүйек аралығында «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» атты тақырыбында тілдер фестивалі ұйымдастырылды. Онкүндіктің мақсаты: Шығармашылық ізденіс-білім беру сапасын көтерудің негізгі жолы.

«Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында 2023 жылғы 5 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтің 130 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Мақсаты: мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту.

«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) 9-10 сыныптар арасында іс-шаралар өткізілді.

Отбасы күні қарсаңында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында «Өзін-өзі басқару» ұйымының оқушыларымен презентация өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

[https://www.instagram.com/p/CxFxTF-t\\_Y-/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/CxFxTF-t_Y-/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==)  
«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында, «Еңбек-өмір мәні» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып, ерінбей еңбек етуге, еңбектің, адамның табиғи қажеті екендігін ұғындыру.

«Дұрыс тамақтану – үздік білім алудың жолы» негізінде жалпы оқыту қорының тізімі бекітілді. Тізімге 25 оқушы кіргізілді. Тізімдегі оқушылар және 1-4 сынып оқушылары жыл бойы ыстық тамақпен қамтылатын болды. Мектеп сайтына күнделікті ас мәзірі мен нормативтік құжаттар салынды. Тамақтану сапасын тексеру тобының мүшелері құрылып, бұйрық шығарылды, ай сайын жоспарға сәйкес акт жасалып, мектеп сайтына салынып отырды. Сонымен қатар талап тәрбиесі бағыты бойынша «Дұрыс тамақтану мәдениетін түсіндіру» 1-11 сынып арасында әңгіме өткізіліп, төмендегі ақпараттар берілді.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.
2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.
4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.
5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Тамақтану адамның өмірлік қажеттігі және денсаулық кепілі.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы:құндылықтар және оны іске асыру жоспары негізінде мектеп кітапханашысы «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында онлайн форматта отбасымен бірге кітаптар оқыды. Мақсаты: оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

Қарттар күніне орай, мейірбандық, мейірімділік таныту барысында «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» бірқатар іс-шаралары өткізілді. Атап айтсақ, мектеп қарттарын құттықтау, «Жылы лебіз сыйла»акциясы, «Ұлағатты мол ұстаз» зейнеткерліктегі ұстазбен бірге дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, ізеттілікке тәрбиелеу

Мұғалімдер күніне арналған мектептердегі білім алушылардың өзін-өзі басқару «Дублёр күні» күні өткізілді. 9-11 сынып оқушылары мұғалімдердің орнына сабақ өткізді. 5-11 сынып оқушылары ұлағатты ұстаздарына арнап мерекелік концерт ұйымдастырды.Барлық қатысқан оқушылар жауапкершілік танытты.

Мақсаты: ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

Қазан айында мектеп президентіне 3 үміткер өз бағдарламаларын ұсынып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Әлеуметтік желіде жарияланды.

Сайлаудың нәтижесі :

Темирбекова Диляра-61 дауыс

Мерекеева Дильназ-55 дауыс

Асанова Дариға-7 дауыс жинады. Мектеп президенті 10 сынып оқушысы-Темирбекова Диляра тағайындалды, мектепшілік бұйрық шығарылды.Сонымен қатар мектеп фракциясы жаңадан бекітілді. 27 қазан күні мектеп президентінің инаугурациясы өткізілді.

«Тоғыз ай – 9 іс-шара» «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде:

Әнұран орындау челленджи өткізілді.

Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады.

Әнұран маңызды дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.

Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Шынында да, мемлекеттік

рәміздің әр элементінде терең мағына бар. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет. Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;
- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Ұлттық мәдениетті дәріптеу «Елінің тарихын құрметтейді тақырыбында 25 қазан -Қазақстан Республикасы күніне орай іс-шара өткізілді.Әлеуметтік желіге жарияланды. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Педагогикалы-психологиялық ата-аналарды қолдау жобасы негізінде, «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында ,«Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналар үшін ашық есік күні және дөңгелек үстелдер,тренингтер өткізілді .Әлеуметтік желіге жарияланды.

. «Іс-шаралады өткізу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау» тақырыбында оқушылар арасында сұхбат өткізілді.

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған уақыттағы іс-әрекеттер» ұсынымдары бар стендтерді уақыты жаңартылды және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері мыналар:

- жариялылық және халық пен ұйымдарды болжанып отырған және пайда болған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы хабардар ету;

- егер ұйымдар мен азаматтардың қызметі ықтимал қауіп туғызатын болса, оның қатер төндіру және зиян келтіру деңгейін алдын ала анықтау, халықты қорғаныс әдістеріне үйрету және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жүзеге асыру;

- төтенше жағдайларды жою жөніндегі құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық жәрдем көрсету, халықты және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келген зиянды өтеу болып табылады.



«Халықаралық темекі шегуден бас тарту күні» аясындағы мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Мақсаты - темекі шегудің таралуын азайту, халыққа адам денсаулығына темекінің зияны туралы ақпарат беру.

Құқық бұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу айлығы шеңберінде бірқатар мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Мәселен өзін-өзі басқару дөңгелек үстел және құқық бұзушылық жайлы сынып сағаттары өткізілді. Нашақорлықтың алдын алу бойынша қабырға газеттері, медбикенің оқушылармен кездесуі ұйымдастырылды.

«Бұрым – бойжеткеннің көркі» тақырыбында 5-11 сыныптың қыздары арасында аудандық челленджге қатысты. Қыздар бұрым өріп, ұлттық нақышта киім киді. Мақсаты : қыз балаларды ұлттық тәрбие негіздері мен салт- дәстүрді білуге, талғамын қалыптастыру, халықтың әдеп пен өнерді дәріптеуге, ұзын шаштарын мақтан етуге үйрету.

Жалпыға бірдей құқықтық оқу аптасын өткізілді. "Құқықтық навигатор" құқықтық сауаттылық апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-11-сынып оқушыларымен "Отбасы-қауіпсіздік территориясы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз міндеттері мен құқықтарын қоғамда пайдалана білуге үйрету .

Балаларға қатыгездікпен қарауды анықтау мақсатында балаларға, отбасыларға және отбасылық тәрбиеге диагностикалық анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесінде құқықбұзушылық анықталмады.

«Деструктивті көзқарастың зардабы» тақырыбында теолог Е.О.Исеновпен кездесу өткізілді. Мақсаты: деструктивті діни ағымдарды білу, дін мағлұматы туралы ашып көрсеті. Діннің мәні, анықтамасы, шығуы тегі, құрылымы, жіктелуі мен түрлерін оқытудың ерекшеліктерін зерделеу. «Қатыгездіксіз зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны 8-18 қараша аралығында жеке жоспар бойынша науқан өткізілді. Мектепшілік дөңгелек үстелдер, дебат турнирі және сынып сағаттары өткізілді. Мектеп фракциясының мүшелері кездесулер өткізді. Іс-шаралар есебі ауданға жіберілді, әлеуметтік желіге салынды.

15 қараша «Ұлттық валюта» күніне орай кітапханада 5-6 сынып оқушыларымен танымдық сағаты, сонымен қатар аталмыш тақырыпта сынып сағаттары өткізілді.

« «Тоғыз ай – 9 іс-шара» «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде: «Шығарма жазу: Болашаққа хат» тақырыбындағы шығарманы оқушылар арасында ауа райының қолайсыздығына байланысты онлайн форматында жазды.Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)негізінде арнайы жоспар жасалып, соған сәйкес іс-шаралар өткізілді.Сонымен қатар 1-11 сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу.

«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ата-аналармен үстел ойындары ұйымдастырылды. Мадақтау қағаздарымен мараптталды. Ата-аналардың барлығы белсенді қатысты.

Мақсаты: ата-аналардың мектеп өміріне қатысу, ұйымшылдыққа жетелеу, салауатты өмір салтын дәріптеу.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында «Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналар үшін аудандық онлайн ата-аналар жиналысы өткізілді. Қамтылған тақырыптар: техникалық қауіпсіздік ережелері, ерте жүктілік жайлы, т.б. Жадынамалар ата-аналар чаттарына жіберілді, таныстырылды.

26-28 желтоқсан күндері Жаңа Жылдық іс-шаралар, ертеңгіліктер өткізілді.

Мақсаты: оқушылар үшін мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың: Аяз атаның, Ақшақардың, Жалмауыз кемпірдің карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) мақсатында 2 «А» сынып оқушылары арасында кітапханамен бірлесе отырып кеш өткізілді. Оқушылар Абай ілімімен таныса отырып, ақынның өлеңдері мен шығармашылығына шолу жасады.

Қысқы демалыс кезіндегі бос уақытты ұйымдастыру жоспары бойынша барлық іс-шаралар уақытылы өткізілді.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Мектеп кітапханашысы туған өлкеміздің ақындарының шығармашылығымен таныстырып, танымдық сағатын өткізді.

Мақсаты: Қазақстандағы және туған өлкеміздегі әдебиеттің танымал тұлғаларының шығармаларын оқырмандарға таныту. Білім алушылардың өлеңді мәнерлеп оқу шеберлігін, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

«Талап» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)

Кітапхана сабағы: "Білімді бала," 1-сынып оқушылары келіп, кітапханамен танысты.

Мақсаты: „Ертегілер елінде“ кітап көрме, 1 "А" сынып оқушылары ертегілерді оқып қызықтады. Алдар көсе кітабынан үзінді оқып берді, оқушыларға өте ұнады балаларға.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында «Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналар үшін ашық есік күні өткізілді  
Бастауыш сынып мұғалімі Елубаева А.К ата-аналардың қатысуымен бірге сабақ өткізді.

Мектептегі баласының бір күндік өмірімен танысу, ата-аналардың ең басты мақсаты болды. Сондықтан, сабаққа қатысқан ата-аналар, ұстаздар қауымының, сабақтарды жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып өткізген сәттері қатты қызықтырғанын атап өтті. Сонымен қатар 5 және 7 сыныптарда ата-аналарды қолдау орталығының бағдарламасы негізінде кездесулер өткізілді.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы 1-11 сыныптар) «Екі жұлдыз»

«Тоғыз ай – 9 іс-шара» «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде: «Қазақ есебі» челленджі өткізілді

Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)

Мақсаты: оқушыларды Абай шығармашылығымен, соның ішінде Толық адам туралы ұстанымдарымен таныстыру. Абай шығармаларының тақырыбы мен идеясын ашу, мәтіннің танымдық сипатын, құрылымдық бөліктерін өздері байқап алатын, түсіне алатын нәтижеге жеткізу, көркем мәтінмен жұмыс істей білу дағдысын жетілдіру, оқып-түйгендері жайлы ой қорытындысын айтқызып жаттықтыру; бір-біріне түсіндіру арқылы ұжымдық шығармашылық жұмыс жүргізе білуге баулу

«Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту;

Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту; өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы ар-ұят құндылығы негізінде мектебіміздің бұрымды қыздары арасында челленджі өткізілді.

Аталған челлендждің мақсаты – оқушыларға ұлттық құндылықтарды (атап айтқанда, шаш өру өнері, сондай-ақ шашбау мен шолпы тағыну) насихаттау және ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

22.02.2024ж 7 “Б” сыныбында “Лудомания-қауіпті ауру” атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында лудомания жайлы ақпарат беріліп, виртуалды тәуелділіктің зардабы жайлы айтылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Сабақ барысында лудоманияның факторлары мен салдары жайлы топтық жұмыс қорғап, виртуалды тәуелділікке қарсы постер қорғады. Сынып жетекшісі: Мақажанова М.А.

Әртүрлі жас топтарының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қауіпсіз мінез-құлқын насихаттау бойынша әдістемелік әдебиеттерді, ақпараттық брошюраларды және басқа да баспа өнімдерін зерделеу мақсатында ғаламтор желісінен ақпараттар талқыланды.



5 «Б» сыныбында салауатты өмір салтын насихаттайтын фильм көрсетілді. Көрген фильмдерін ортаға салып, талқылады.

Отбасы мен мектептегі қатыгез қарым-қатынастың алдын алу мәселелері бойынша ата-аналарға синхронды және асинхронды кеңес беру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Ар-Ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Мектептегі мінез құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)

5-11 сынып қыздар арасында әңгіме жүргізілді.

Мақсаты: Қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани байлығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру.

Отбасы клубымен бірлесе отырып «Шебер қолдар» апталығы аясында зейнеттегі әжелеріміз қолөнерлерін паш етті. Мақсаты: Қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету.

Қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру.

Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мән беру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

“Ауған соғысы” – жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлерінен мәлімет алу. Тарихи деректердің маңыздысын аша білуге және материалдарды диалектикалық тұрғыдан талдай білуге дағдыландыру. Тәуелсіздік жолында күрескен аға - апаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, оқушыларды ұлтжандылыққа, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

«Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) аясында

4 «А» сыныбында Абай Құнанбаевтың қара сөздері оқылып, талқыланды.

«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 9 сынып оқушыларымен мамандықтар туралы сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: білім алушыларда әлем туралы нақты-көрнекі түсінік беру. Қазіргі әлемдегі мамандықтардың құндылығы мен маңыздылығын ұғыну.

Міндеттер: әр түрлі мамандықтармен танысу үшін жағдай жасау;

қатысушылардың зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру;

оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру;

әр түрлі кәсіптегі адамдарға, олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу, мамандық белгілерін бөлу, мамандыққа қысқаша сипаттама берілді.

1 Наурыз – Алғыс Айту Күніне орай мектеп бойынша іс-шаралар өткізілді.

Атап айтсақ, сынып сағаттары, жасұлан, жасқыран ұйымының оқушылары мектеп қызметкерлеріне және ұстаздарға өз алғыстарын жаудырды. Сонымен қатар әлеуметтік желілілерге оқушылар өз алғыстарын білдіріп, жариялады.

Мақсаты: Алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, оқушылардың бір-біріне, ұстаздарына және ата-аналарына деген құрметін арттыру, ризашылық сезімінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған ««Ана гүл, ана-өмір шуағы»» атты мерекелік концерт өткізілді.

Мақсаты: балалардың аналар мерекесіне деген құштарлығын оята отырып, анаға деген мейірімділігін, анаға деген махаббатын көрсету. Көңіл күйлерін көтеріп өнерге деген құлшынысын ашу.

Бұл іс-шараға ұстаздар мен барлық балаларда қуана қатысты. Мектеп директоры Айтбаева М.Ж құттықтау сөз сөйледі. Балалардың бірі ән салса, екіншісі би билеп тамсандырды.

#### 1. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ.,

Есірткіге қарсы оқушылар арасында мектеп парламентінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізіліп, жадынама таратылды

Наурыз айы бойы туберкулездің алдын алу бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Оқушылар диктант жазды, суреттер салды. Ал сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Кәмелетке толмағандарға, отбасына қатысты зорлық-зомбылық фактілерін, бопсалау фактілерін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

5-11 сынып ұлдарының арасында әңгіме өткізілді

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

22 Наурыз мейрамы қарсаңында мектеп оқушылары мен ұстаздары бірқатар жұмыстар атқарды. Мәселен,

Қайырымдылық күніне орай 11 сынып оқушылары Гүлзира апамыздың үйіне барып, волонтерлық жұмыстар атқарды

Қамқорлық күніне орай бейнероликтер түсірілді, ұлттық киім кию күнінде сыныптар арасында челленджер түсіріліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

22 Наурыз мерекесі 20 күні мектеп бойынша тойланды. Әр сыныптар ауылдарға бөлініп, өз өнерлерін, салт-дәстүрлерді көрсетіп, дастарқан жайды. Барлық ұжым мен мектеп оқушылары, сонымен қатар ата-аналарды қолдау орталығының мүшелері ат салысып, белсене қатысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес, ұлттық мүдде тәрбие құндылығын дәріптей отырып, 9 ай-9 іс-шарасын жүзеге асыру мақсатында, домбыра тарту, "Күй күмбірі" челленджінде оқушылар домбыра тартып, өз өнерлерін көрсетті.

Мектеп президенті және жасұлан, жас қыран мүшелері Наурыз мерекесімен құттықтап бейнероликтер түсіріп, әлеуметтік желіге жариялады

Наурыз мерекесі қарсаңында Ерейментау ауданында өткізілген спорттық іс-шараларда Торғай орта мектебінің оқушылары мен дене шынықтыру мұғалімдері жүлделі орындарға ие болды.

Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерді сақтау және жарақаттарды алдын алу мақсатында ата-аналармен жиналыс өткізіліп, сонымен қатар чаттарына және әлеуметтік желілерге жадынамалар жарияланды.

Қолайсыз отбасылар, қауіпті топ оқушыларының отбасыларына жасалған рейдтер жүргізілді. Тексеру барысында ешқандай мәселелер туындамады. Қамқорлықтағы оқушының өмір сүру жағдайлары тексерілді. Оқушы барлық тұрмыстық заттармен қамтылған. Сабағын жақсы оқиды және үйірмелерге қатысады. «Халықаралық балалар сенім телефоны күні» сынып сағаты әр тоқсан сайын өткізіледі.

«Балалардың киберқауіпсіздігі» тақырыбында 2 «Б» сынып ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Ата-аналарға жадынамалар таратылды.

Мамыр мерекелері 1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр жіберілген концепция бойынша өткізілді. Барлық ақпарат әлеуметтік желілерге жарияланды.

Мектебімізде бірқатар клубтар жұмыс атқарады. Атап айтсақ «Абай клубы».

«Жас құтқарушылар» клубы жыл бойы жаттығу іс-шаралары мен ақпараттандыру шараларын өткізіп отырды. Сәуір айында өткен слетке қатысып, қатысу сертификатымен және сыйлықпен марапатталды.

Дебат клубының мүшелері жыл бойы мектепшілік турнирлер өткізіп отырды. Ауданда өткен турнирлерге қатысып орындарға ие болып жүр.

«Алау» командасы және «Fire Bloom» 1,2,3 орындарға ие болды.

Мектебімізде 9 фракция жұмыс атқарады. Бұл жұмысты мектептің аға тәлімгері Бөлегенова Г.Т. атқарады. Жоспар бойынша іс-шараларды өткізіп, әлеуметтік желілерге ақпаратты жариялап отырады.

Мамырдың 20-25 күндері ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың жазғы демалысқа шығар кезіндегі сақтайтын қауіпсіздік ережелері таныстырылып, әр түрлі сұрақтар қарастырылады.

28 мамырдан бастап мектеп маңындағы жазғы лагерь жұмысын бастайды.

Жауаптылар бастауыш сынып мұғалімдері және аға тәлімгер. Жалпы оқыту тізіміндегі бастауыш сынып оқушылары тегін тамақтанады.

1-маусым күні Халықаралық балалар күні өткізіледі. Мерекелік іс-шара ұйымдастырылады.

Жазғы демалыста «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры 3 оқушыға жолдама табыс етілді. Жалпы оқыту тізіміндегі оқушылар жіберіледі. «Жұлдыз» жазғы лагеріне 2 оқушы жіберіледі. Басқа оқушылар экскурсияларға және еңбек лагеріне тартылады.

### **Жетістіктер:**

9-11 сыныптар арасындағы дебат турниры бойынша 1,2,3 орындар

«Ләйлім шырақ» конкурсына қатысып, «Қайталанбас өрнегімен дараланған» номинациясына иеленді.


«Жас құтқарушылар» слетінде «Үздік өрт эстафетасфы» номинациясымен марапатталды


Сәуір айында ұйымдастырылған 1-4 сыныптар арасындағы Абай оқуларына оқушылар қатысып, орындарға ие болды. 1-орынды Амантай Айгерим 2 сынып оқушысы, 3- орынды Новожилова Снежана 4 сынып оқушысы, 3 сынып оқушысы Алпысбай Каусар, Химран Әсемай 2-сынып оқушысы. Жексенова Ақмарал Дастановна «Келіні жақсы үйдің керегесі кең» сайысына қатысып, 3 орынға ие болды


Айтмагамбетовтар отбасысы спорттық сайысқа қатысып,3 орын алды Қосымша білім беру ұйымы ДЮСШ секциясына мектеп оқушылары қатысып,Астана және Ерейментау қаларында 1,2,3 орындарды қанжығасына байлап жүр.Атап айтсақ:

Мансур спорт клубында 21 наурыз күні Астана қаласының ашық біріншілігі өтті. Жарысқа Астана қаласының клубтарымен Балхаш, Степногорск қалалары қатысты.

2011-2012жж арасында 42кг салмақ дәрежесінде 1 орынға ие болған Кайржанов Ералы 

2013-2014жж арасында 29кг салмақ дәрежесінде 2 орынға ие болған Дүйсен Асанәлі 

2009-2010жж арасында 66кг салмақ дәрежесінде 3 орынға ие болған Абенов Рамир 

2015-2016жж арасында 23кг салмақ дәрежесінде 3 орынға ие болған Әбілғазы Ерғазы 

Қазақша күрес бапкері: Куандықов А.К.

Сонымен қатар мектеп ішіндегі спорт секциялары:волейбол,баскетбол,шахмат,тоғызқұмалақ,теннис,футболға қатысып,үнемі жүлделі орындарға ие болады.

